

**«Оқуға құштар мектеп» жобасының 2022-2023 оқу жылына арналған
жылдық жұмысының талдамасы**

ҚР Білім және Ғылым министрлігінің «Оқуға құштар мектеп-оқуға құштар ұлт» жобасын жүзеге асыру мақсатында жылдық жоспары бекітіліп, іс-шаралар өткізілді. Жас ұрпақты көркем шығарма оқуға насихаттау арқылы парасатты, ұлтжанды азамат тәрбиелеу мақсатында 60 әдеби шығарманың тізімі жасалып, оқушыларға ұсынылды.

15 -қыркүйек күні Қазақтың классик ақыны Сырбай Мәуленовтың 100 жылдық мерейтойына орай «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «100 шығарма» акциясын ұйымдастыру бойынша 11"А" класс оқушылары ақынның өлеңдерін мәнерлеп оқып, тың деректермен бөлісті. Класс жетекшісі: Жұмағалиева А.



Қазақтың көрнекті жазушысы, академигі, драматургы, ғалымы және қоғам қайраткері Мұхтар Әуезовтың туғанына 125 жыл және автордың «Еңлік-Кебек» пьесасына 105 жыл толуына орай 10 «Б» сынып оқушылары пьесадан үзінді қойды. Класс жетекшісі: Э.Қалабазарова.



Биыл қазақ әдебиеті мен журналистика саласында өшпес із қалдырған белгілі қаламгер Шерхан Мұртазаның туғанына 90 жыл толуына орай Ш.Мұртазаның «Интернат наны» әңгімесі желісінде 6 «Б» сынып оқушылары қойылым қойды. Класс жетекшісі: А.Урбисина



«Зар-заман ақындарының» көшін бастаған Дулат Бабатайұлының туғанына 220 жыл толуына орай 5"В" сынып оқушылары көрнекті ақын,

елдік пен еркіндіктің жаршысы, азаттық жырының ақтаңгері Дулат Бабатайұлының жырларын, өлеңдерін жатқа оқыды.

Класс жетекшісі: Насырова Аида.




Сонымен қатар, ХҮІІІ ғасырдағы Қазақ хандығының көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Қаздауысты Қазыбек бидің туғанына 355 жыл толуына орай 4 “в” сынып оқушылары “Қаз дауысты Қазыбектің Жоңғар ханы Қоңтайжымен кездесуі” көрінісін қойды.

Класс жетекшісі: Мырзабаева Рауа.



«Қазақстан – туған елім» тақырыбында 1 «в» сынып оқушылары Хамадинова Алтынай жетекшілігімен және 2 «б» сынып оқушылары Миркиясова Индира жетекшілігімен өз өнерлерін көрсетті



Ғабиден Мұстафиннің туғанына 120 жыл толуына орай «Шығанақ» романын оқып, талдау жұмыстарын жасады.

Өткізген сынып жетекшісі 10 «а» жетекшісі М.Назаров.



8 «в» сынып Зейнолла Қабдоловтың туғанына 95 жыл толуына орай «Қабеннің құбылысы» драмасын оқыды. А.Қойшыбаеваның жетекшілігімен драмадан үзінді қойды.

Ақселеу Сейдімбектің туғанына 80 жыл толуына орай оқушылар ергетілерінен оқып, 3 «ә» сыныбы «Көріпкел шашты Әзиз» ертегісінен үзінді қойды. Сынып жетекшісі Г.Алипова ертегідегі кейіпкерлерге тоқталып, өмірмен байланыстыра білді.



Әзілхан Нұршаиховтың туғанына 100 жыл толуына орай жазушының өмірі және шығармашылығымен 11 «ә» сыныбы танысып, «Махаббат қызық мол жылдар» шығармасын аса бір қызуғышылықпен оқыды. «Оқуға құштар мектеп» бұрышының алдында Ментайдың күнделігінен үзінділер оқыды, басты кейіпкер Ерболдың Ментайға арнаған өлеңдерінен оқыды. Сынып жетекшісі А.Мазинова.



11 «в» сынып оқушылары Дулат Исабековтың «Әпке» драмасын оқыды. Шығарма желісі бойынша талдау жұмыстарын жасап, шығармадағы кейіпкер іс-әрекетіне өз ойларын білдіріп, осы өмірмен байланыстыра білді. Жетекшісі Ж.Альжанова.



Қазақтың қылыштай өткір тілді, қайратты мінезді, қадірлі азаматы Мұхтар Шаханов биыл 80 жасқа толуына орай 8 “а” сынып оқушылары ақынның өлеңдерін мәнерлеп оқып, ақынның өмірі мен шығармашылығынан деректер келтірді. Класс жетекшісі: Жалғасова Лиза.



.9 “б” сынып оқушылары Ілияс Жансүгіровтың “Құлагер” поэмасын оқып, поэмадан өздеріне ұнаған тұстарын жатқа айтты. Әйгілі «Құлагер» шығармасы қазақ әдебиетінің классикасына айналған поэма. Ілияс Жансүгіров «Құлагерді» XIX ғасырдың ақыны, күйші Ақан-Ақан сері Қорамсаұлына арнаған. Шығарма ақын өміріндегі драмалық эпизод – сүйікті тұлпарының өлімі туралы баяндайды.



Бейімбет Майлиннің 1921 жылғы ашаршылық туралы жазылған «Күлпәш» әңгімесіне 100 жыл толуына орай 8 «г» сынып оқушылары әңгімені оқып, шығарма желісі бойынша қойылым қойды. Сынып жетекшісі И.Нурланова.



7 «б» сынып оқушылары «Елімнің бақытын тербеткен Тәуелсіздік» тақырыбында сыныптан тыс іс-шара өткізді. Жетекшісі А.Үсенова



Ұлттық қасиетіміз бен Ұлттық құндылықтарымызды ұлықтап, Ұлттық намысымызды оятқан, әлемге қазақты азаттық сүйгіш, рухы биік, намысы берік халық ретінде жариялаған Тәуелсіздік күніне орай 5 «г» сыныбы "Санаға сәуле түсірген желтоқсан" атты сыныптан тыс іс-шара өткізді. Жетекшісі Г.Нұрымбетова



Тайыр Жароковтың "Тасқын" поэмасының 85-жылдығына орай, 1921 жылы Алматыда болған су тасқынын суреттей отырып, "Қайсар мен Жамал" секілді жастардың қайғысын анық көрсете отырып, Жароковтың шығармашылығымен таныстыра білген 9 "В" класс оқушылары. Жетекшісі: Ергазина Ж.



7 "в" сынып оқушылары биыл Хамит Ерғалиевтың "Әке сыры" өлеңдер жинағына 75 жыл толуына орай ақынның өлеңдерін жатқа оқыды. Сынып жетекшісі: А.Бахрадинова



«Оқуға құштар мектеп» жобасы бойынша 5 «ә» сыныбы М.Жұмабаевтың шығармаларын талдады.



Кітапханашы Б.Кульмуратованың жоспарына сәйкес «Шәкәрімнің рухани мұрасы» тақырыбында кітап көрмесі ұйымдастырылды.



«Оқуға құштар мектеп» жобасы негізінде 7 «а» сыныбы Ш.Құдайбердиевтің шығармаларын талдады.




«Оқуға құштар мектеп» жобасы негізінде А.Сейдімбековтің «Ақиық» әңгімесі талданды.




«Оқуға құштар мектеп» жобасы негізінде С.Мұратбековтың «Жабайы алма» әңгімесі талданды.



«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында мектеп оқушылары Орталық Кітапханаға саяхат жасады.



«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Бауырсақ» ертегісі қойылды.



1-сынып оқушыларының қызығушылығын арттыру мақсатында кітапхана тарапынан «Сен білесің бе?» сериясынан шыққан кітаптар сыйға тарту етілді.



Бұқар жыраудың туғанына 330 жыл толуына орай танымдық сағат өткізілді. «Адал ұрпақ» клубының жоспарына сәйкес «Адалдық адамның әдемі келбеті» тақырыбында видеороликтер байқауы ұйымдастырылды. (3в, 3а, 3б)



«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында С.Көбеевтің «Қалың мал» романынан қойылым көрсетілді. (8а, 6а)



«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында Қ.Қайсеновтің 105 жылдығына орай жазушының шығармашылығы талданды. (5б)



«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында Ғ.Қайырбековтың 95 жыл толуына орай ақын өлеңдері талданды. (4б)



М.Мақатаевтың туған күніне орай «Мұзбалақ ақын - Мұқағали» тақырыбында поэзия кеші өткізілді.



Ақпан айында кітапхана өмірімен таныстырып 2 «б» сыныбы саяхат жасады.



«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында Т.Жароковтың туғанына 115 жылдығына орай шара ұйымдастырылды.



«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында Қабанбай Қожағұлұлының 320жылдығына орай «Қабанбай батыр» жыры оқылды.



Абайдың «Қара сөздері» жинағына 125 жыл толуына орай сыныптан тыс шара өтті (3а)



«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында С.Торайғыровтың 130 жылдығына орай «Өрмелеп шығып күн болам» атты танымдық сабақ өткізілді.



«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында С.Торайғыровтың 130 жылдығына орай сыныптан тыс шара өткізілді.



Н.Байғанин атындағы облыстық кітапханада «Шежірелі өлкемнің тарландары» тақырыбында шара өткізіліп, 4А сыныбы қатысты.



«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында Оралхан Бөкейдің туғанына 80 жыл толуына орай «Тортай мінген ақ боз ат» ат шығармасы сахналанды.



«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында М.Әуезовке 95 жыл толуына орай «Көксерек» әңгімесі сахналанды.



Бастауыш сынып оқушыларының кітапқа қызығушылығын арттыру мақсатында 3 «б» сыныбы «Қарғалы модельді кітапханасына» саяхат жасады.



«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Шал ақынның 275 жылдығына» орай танымдық сабақ өткізілді.



«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында Қ.Бекхожиннің туғанына 110 жыл толуына орай «Сері күйші» поэмасы оқырманға жол тартты.



«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында Мәшһүр –Жүсіп Көпеевтің туғанына 165 жыл толуына орай 8 «Б» сынып оқушылары шығармаларымен мектеп фойесінде танымдық сабақ өткізді.